**КЕЛІСІЛДІ**
Нұр-Сұлтан қаласының
«Әділет» білім беру
қызметкерлері кәсіподағының
төрағасы
Б. Ә. Әлиев
_____________
«_9_» _шілде_ 2021 ж.

**БЕКІТІЛДІ**
Нұр-Сұлтан қаласының
Білім басқармасының
басшысы

Ш. Т. Сейсенбай
_____________
«_9_» _шілде_ 2021 ж.

**Нұр-Сұлтан қаласының білім беру жүйесінің ардагерлер кеңесі туралы ЕРЕЖЕ**

## 1. Жалпы ереже

1.1. Нұр-Сұлтан қаласының білім беру жүйесінің ардагерлер кеңесі *(бұдан әрі – Кеңес)* Нұр-Сұлтан қаласының білім басқармасы *(бұдан әрі – Басқарма)* басшысының бұйрығы негізінде ардагерлермен жұмысты жандандыру, оларды әлеуметтік қолдау мен қорғауды қамтамасыз ету мақсатында білім беру жүйесінің ардагерлер кеңесінің қызметін үйлестіру үшін құрылды.

1.2. Кеңес құрамына жалпы орта, мектепке дейінгі, қосымша білім беру, кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерінің қызметкерлері, зейнетке шыққан және қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласының аумағында тұратын қызметкерлер кіре алады.

1.3. Кеңес Басқармаға және Нұр-Сұлтан қаласының «Әділет» білім беру қызметкерлері кәсіподағына *(бұдан әрі – Кәсіподақ)* білім беру жүйесінің ардагерлерімен жұмыстар атқаруға ықпал етеді.

1.4. Кеңес қызмет барысында Басқармамен және Кәсіподақпен тығыз байланыста жұмыс істейді.

## 2. Кеңес қызметінің мақсаты, міндеттері және бағыттары

**2.1. Кеңестің мақсаты және міндеттері:**

2.1.1. Нұр-Сұлтан қаласының білім беру жүйесінің ардагерлерін әлеуметтік қорғау және әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз етуге ықпал ету.

2.1.2. Нұр-Сұлтан қаласының білім саласындағы ұйымдар мен мекемелердің қоғамдық шараларына білім беру жүйесінің ардагерлерін тартуға жағдай жасау.

2.1.3. Жастарды тәрбиелеуде, педагогикалық дәстүрлерді сақтау мен дамытуда білім беру жүйесінің ардагерлерінің рөлін арттыру.

2.1.4. Жалғызбасты, мұқтаж ардагерлерге қайырымдылық көмек көрсетуге ықпал ету.

2.1.5. Еңбек ардагерлеріне өмірдің қиын кезеңдерінде (ауру, жазатайым оқиғалар, табиғи апаттар және т.б.) моральдық және материалдық көмек көрсетуге ықпал ету.

2.1.6. Ардагерлерді мемлекеттік мерекелерде және мерейтойларда марапаттау.

2.1.7. Зейнет жасына жеткен білім беру қызметкерлерінің құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерінің сақталуын бақылауды ұйымдастыру.

**2.2. Кеңес қызметінің бағыттары:**

2.2.1. Осы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін Кеңес ұйымдастырушылық, тәрбиелік және қайырымдылық қызмет мәселелерін шешеді, педагог ардагерлермен және Нұр-Сұлтан қаласының ардагерлер қауымтастығымен жұмыс жасаудың оң тәжірибесін зерттейді, жинақтайды және таратады.

2.2.2. Ұжымдық талқылау негізінде ардагерлермен жұмысты жетілдіру бойынша шаралар әзірлейді және тиісті ұйымдарға ұсыныстар енгізеді.

2.2.3. Ардагерлерді әлеуметтік қолдауды жақсарту бойынша ұсыныстарды әзірлейді және жергілікті атқарушы органдарға, Басқарма мен Кәсіподақ арасындағы Аймақтық келісімге ұсынады.

2.2.4. Ардагерлердің әлеуметтік кепілдіктерін сақтау мәселелері бойынша ақысыз заң кеңесін ұйымдастыруға ықпал етеді.

2.2.5. Мемлекеттік және кәсіподақ органдарында білім беру жүйесінің ардагерлерінің мүдделерін білдіреді.

2.2.6. Білім беру жүйесінің ардагерлерімен жүргізілген жұмыстарды бұқаралық ақпарат құралдарында, Басқарма және Кәсіподақтың сайттарында жариялайды.

2.2.7. Ардагерлерді қоғамдық-мәдени іс-шараларға тартуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырады.

2.2.8. Ардагерлермен жүргізілген жұмыстарды (клуб қызметі, семинарлар, кездесулер, «дөңгелек үстел» және басқалары) насихаттайды және жүзеге асырады.

## 3. Кеңестің құрылуы, құрамы және басқару органдары, Кеңестің қызметін ұйымдастыру

3.1. Кеңестің құрамын Басқарма Кәсіподақпен бірлесіп құрады.

3.2. Кеңестің жеке құрамы Басқарма басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3.3. Ұйымдастырушылық іс-шараларды, құжаттамаларды жүзеге асыруды, Кеңестің жұмыс жоспарының уақтылы орындалуын бақылауды және қабылданған шешімдерді Кеңес төрағасы мен мүшелері қамтамасыз етеді.

3.4. Кеңес өз жұмысын Басқармамен және Кәсіподақпен келісілген жоспар негізінде Кеңес мүшелерінің ұсынысы бойынша жасайды.

3.5. Кеңес отырыстары оған мүшелердің жартысынан көбі қатысқан жағдайда өкілетті болып саналады.

3.6. Кеңес отырыстары қажеттілікке қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі және хаттамамен рәсімделеді.

3.7. Басқармаға бағынысты білім беру ұйымдарында Кеңестің құрылымдық бөлімшесі болып табылатын кеңестер құрылуы мүмкін.

## 4. Кеңестің құзыреті

**Кеңес:**

4.1. Осы ережеге сәйкес жұмысты ұйымдастырады және жалпы басқаруды жүзеге асырады.

4.2. Басқарма және Кәсіподақпен келісе отырып, сала еңбек ардагерлерін әлеуметтік қорғауды күшейту жөніндегі бастамалар әзірлейді.

4.3. Билік органдары мен басқармада, Кәсіподақ ұйымдарында еңбек ардагерлерінің мүдделерін білдіреді.

4.4. Ардагерлердің әлеуметтік және қоғамдық мәртебесі мәселелері бойынша ұсынымдық сипаттағы шешімдер қабылдайды.

4.5. Белгіленген тәртіппен Басқармадан, Кәсіподақтан, білім беру ұйымдарынан, ардагерлер және басқа да қоғамдық ұйымдардан Кеңес жұмысына қажетті ақпаратты сұрайды.

4.6. Білім беру жүйесінің ардагерлерінің өмірі мен қызметіне қатысты мәселелерді талқылау кезінде отырыстарға мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық және басқа да ұйымдардың өкілдерін шақырады.

4.7. Ардагерлерге қатысты мәселелерді талқылау кезінде Басқарма мен Кәсіподақтың отырыстарына қатысуға өкілдерін ұсынады.

4.8. Басқармамен және Кәсіподақпен жыл сайынғы кездесулер мен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырады.

4.9. Сала ардагерлерінің әлеуметтік қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі кеңестің, конференциялардың, форумдардың жұмысына қатысады.

4.10. Кеңестің жылдық жұмыс жоспарын бекітеді.

4.11. Кеңес Басқармамен және Кәсіподақпен келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде басқа да функцияларды орындай алады, осы құрылымдар берген өкілеттіктерді жүзеге асыра алады.

4.12. Кеңес Басқарма мен Кәсіподаққа өзінің қызметі туралы ақпарат береді.

## 5. Кеңес төрағасы

**Кеңес төрағасы:**

5.1. Кәсіподақпен келісім бойынша Басқарма басшысының бұйрығымен тағайындалады.

5.2. Басқарманың басшылығымен жұмыс жасайды.

5.3. Кеңес жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады және елордалық білім беру жүйесінің ардагерлерінің қызметін үйлестіреді.

5.4. Билік органдарында, басқарма және басқа ұйымдарда Кеңес пен сала ардагерлерінің мүдделерін білдіреді.

5.5. Кеңестің жылдық жұмыс жоспарының жобасын әзірлейді.

5.6. Кеңес отырыстарын шақырады.

5.7. Осы Ереженің, жылдық жұмыс жоспарының және Кеңес қабылдаған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

## 6. Кеңес жұмысын қаржыландыру және жұмысты жүргізуге ықпал ету

6.1. Осы ережені іске асыру мақсатында Басқарма мүмкіндігінше Кеңесті тиісті жабдықтармен жабдықтайды және Кеңес төрағасы үшін және Кеңес отырыстарын өткізу үшін жұмыс орнын ұсынады.

6.2. Қаржы ресурстары болған жағдайда Кеңестің іс-шаралары Кәсіподақ Төралқасы бөлген қаражат есебінен қаржыландырылады.

6.3. Білім беру ұйымдарының басшылары ардагерлер кеңесінің жұмысына ықпал етеді, қаражат болған жағдайда, олардың іс-шараларын қаржыландырады, педагогикалық еңбек ардагерлерін оқу-ағарту, тәрбиелік және мерекелік шараларға қатысуға шақырады, ардагерлер қозғалысының белсенділеріне моральдық және материалдық сыйақы беру мүмкіндігін қарастырады.

| | |
|---|---|
| **СОГЛАСОВАНО**<br>Председатель<br>Профсоюза работников<br>образования «Әділет»<br>города Нур-Султан<br>Б. А. Алиев<br>____________<br>«9» июня 2021 г. | **УТВЕРЖДАЮ**<br>Руководитель<br>Управления образования<br>города Нур-Султан<br><br>Ш. Т. Сейсенбай<br>____________<br>«9» июня 2021 г. |

# ПОЛОЖЕНИЕ
## о Совете ветеранов системы образования города Нур-Султан

### 1. Общие положения

1.1. Совет ветеранов системы образования города Нур-Султан (далее - Совет) создается на основании приказа руководителя Управления образования г. Нур-Султан (далее – Управление) для координации деятельности совета ветеранов системы образования с целью активизации работы с ветеранами, обеспечения им социальной поддержки и защиты.

1.2. В состав Совета могут входить работники учреждений общего среднего и дошкольного образования, учреждений дополнительного образования, учреждений, обеспечивающих получение профессионально-технического образования, вышедшие на пенсию и проживающие в настоящее время на территории г. Нур-Султан.

1.3. Совет содействует Управлению и Профсоюзу работников образования «Әділет» г. Нур-Султан (далее – Профсоюз) в работе с ветеранами системы образования.

1.4. В своей работе Совет тесно взаимодействует с Управлением и Профсоюзом.

### 2. Цели, задачи и направления деятельности Совета

**2.1. Цели и задачи Совета:**

2.1.1. Усиление социальной защиты и содействие в обеспечении социальных гарантий ветеранов системы образования г. Нур-Султан.

2.1.2. Создание условий и содействие вовлечению ветеранов системы образования в общественную жизнь организаций и учреждений сферы образования г. Нур-Султан.

2.1.3. Повышение роли ветеранов системы образования в деле воспитания молодежи, обеспечении преемственности, сохранении и развитии педагогических традиций.

2.1.4. Содействие организации благотворительной помощи одиноким, нуждающимся ветеранам.

2.1.5. Содействие в оказании моральной и материальной помощи ветеранам труда в сложные периоды их жизни (болезнь, несчастные случаи, стихийные бедствия и т.д.).

2.1.6. Чествование ветеранов в связи с государственными праздниками, юбилейными и другими памятными датами.

2.1.7. Организация контроля за соблюдением прав и социальных гарантий работников образования, достигших пенсионного возраста.

**2.2. Направления деятельности Совета:**

2.2.1. Для достижения указанных целей и задач Совет решает вопросы организационной, воспитательной и благотворительной деятельности, изучает, обобщает и распространяет положительный опыт работы с ветеранами педагогического труда и ветеранскими формированиями города Нур-Султан.

2.2.2. На основе коллективного обсуждения вырабатывает меры и вносит предложения в соответствующие организации по совершенствованию работы с ветеранами.

2.2.3. Разрабатывает и вносит предложения по улучшению социальной поддержки ветеранов в органы местного самоуправления, Регионального соглашения между Управлением и Профсоюза.

2.2.4. Оказывает содействие в организации бесплатных юридических консультаций по вопросам соблюдения социальных гарантий ветеранов.

2.2.5. Представляет интересы ветеранов системы образования в государственных и профсоюзных органах.

2.2.6. Освещает вопросы работы с ветеранами системы образования в средствах массовой информации, на страницах сайта Управления и Профсоюза.

2.2.7. Организует мероприятия, направленные на вовлечение ветеранов в активную общественно-культурную деятельность.

2.2.8. Пропагандирует и внедряет разнообразные (новые) формы работы с ветеранами (клубная деятельность, семинары, встречи, «круглый стол» и другие).

## 3. Формирование, состав и руководящие органы Совета, организация деятельности Совета

3.1. Состав Совета формируется Управлением совместно с Профсоюзом.

3.2. Персональный состав Совета утверждается приказом руководителя Управления.

3.3. Осуществление организационной деятельности, ведение документации, контроль над своевременным выполнением плана работы Совета и принятых решений обеспечивают председатель и члены Совета.

3.4. Совет строит свою работу на основе сформированного по предложению членов Совета плана, который согласуется с Управлением и Профсоюзом.

3.5. Заседания Совета считаются полномочными, если в них участвуют более половины членов.

3.6. Заседания Совета проводятся по мере необходимости, но не реже 1 раза в год и оформляются протоколами.

3.7. В организациях образования подведомственные Управлению могут создаваться советы, которые являются структурным подразделением Совета.

## 4. Компетенции Совета

**Совет:**

4.1. Организует работу и осуществляет общее руководство в соответствии с настоящим положением.

4.2. Выступает с инициативами по вопросам усиления социальной защиты ветеранов труда отрасли по согласованию с Управлением и Профсоюзом.

4.3. Представляет интересы ветеранов труда в органах власти и управления, в организациях Профсоюза.

4.4. Принимает решения рекомендательного характера по вопросам общественного и социального положения ветеранов.

4.5. Запрашивает в установленном порядке у Управления, Профсоюза, организаций образования, ветеранских и других общественных организаций информацию, необходимую для работы Совета.

4.6. Приглашает на свои заседания представителей органов государственной власти, органов местного самоуправления, общественных и иных организаций при обсуждении вопросов, связанных с жизнью и деятельностью ветеранов системы образования.

4.7. Рекомендует своих представителей для участия в заседаниях организационных структур Управления и Профсоюза при обсуждении вопросов, касающихся жизнедеятельности ветеранов.

4.8. Организует с Управлением и Профсоюзом проведение ежегодных заседаний и совместных мероприятий.

4.9. Участвует в работе совещаний, коллегий, конференций, форумов Управления по вопросам организации жизнедеятельности и социальной защиты ветеранов отрасли.

4.10. Утверждает ежегодный план работы Совета.

4.11. Совет может по согласованию с Управлением и Профсоюзом выполнять иные функции в рамках законодательства Республики Казахстан, осуществлять полномочия, делегированные данными структурами.

4.12. Совет информирует о своей деятельности Управление и Профсоюз.

## 5. Председатель Совета

**Председатель Совета:**

5.1. Назначается приказом руководителя Управления по согласованию с Профсоюзом.

5.2. Работает под руководством Управления.

5.3. Осуществляет общее руководство работой Совета и координирует деятельность ветеранов системы образования столицы.

5.4. Представляет интересы Совета и ветеранов отрасли в органах власти, управления и других организациях.

5.5. Разрабатывает проект ежегодного плана работы Совета.

5.6. Созывает заседания Совета.

5.7. Обеспечивает контроль за выполнением настоящего Положения, ежегодного плана работы и принимаемых Советом решений.

## 6. Финансирование и оказание содействия работе Совета

6.1. В целях реализации настоящего положения Управление по мере возможности, выделяет Совету помещение с соответствующим оборудованием и рабочим местом для председателя Совета и проведения заседаний Совета.

6.2. При наличии финансовых возможностей, мероприятия Совета финансируются из средств, выделяемых Президиумом Профсоюза.

6.3. Руководители организаций образования оказывают содействие работе советов ветеранов на местах, при наличии средств финансируют проведение их мероприятий, приглашают ветеранов педагогического труда к участию в проводимых воспитательных, образовательных, просветительных и праздничных мероприятиях, рассматривают возможность морального и материального вознаграждения активистов ветеранского движения.